

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

БЕКІТЕМІН
М. Қозыбаев атындағы
СҚМУ ректорының м.а.

Е. Исақаев
" " " " **2019 ж.**



**Солтүстік Қазақстан облысының жалпы білім беретін мектептерінің
түлектері арасында М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті ректорының Грантына арналған жыл
сайынғы облыстық педагогикалық олимпиада ережесі**

Петропавл, 2019 жыл

Солтүстік Қазақстан облысының жалпы білім беретін мектептерінің түлектері арасында М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті ректорының Грантына арналған жыл сайынғы облыстық педагогикалық олимпиада ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Солтүстік Қазақстан облысының жалпы білім беретін мектептерінің 11-сынып оқушылары үшін бейіндік пәндер бойынша облыстық педагогикалық Олимпиаданың (бұдан әрі - Олимпиада) мәртебесін, мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету, Олимпиадаға қатысу және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін айқындайды.

2. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

2.1. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- қазіргі қоғамда педагогтың бейнесін танымал етуге ықпал ету;
- оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін ашу;
- дарынды және барынша даярланған талапкерлерді анықтау;
- педагогикалық мамандықтар бойынша оқушылардың кәсіби бағдарына және білімін жалғастыруға жәрдемдесу;
- орта және жоғары мектептің өзара іс-қимыл жолдары мен формаларын кеңейту.

3. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

3.1. Облыстық педагогикалық олимпиаданың ұйымдастырушысы - Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті. (Бұдан әрі Университет). Ұйымдастырушы осы Ережеде көзделген Олимпиаданы өткізуді қамтамасыз етеді.

3.2. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ақпарат университеттің www.nkzu.kz сайтында орналастырылған.

3.3. Олимпиада әр пән бойынша физика, математика, биология, химия, тарих, география, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, шет тілі жеке өткізіледі.

3.4. Олимпиада үш кезеңде өтеді:

I кезең 2019ж.05.02 - 15.02 дистанционды, іріктеу, «Неге мен педагог кәсібін таңдаймын?» тақырыбында эссе даярлау (skgu.foundation@mail.ru);

II кезең 2019ж.27.02 – университет базасында шығармашылық тапсырмаларды орындау;

III кезең – Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне сертификаттар тапсыру және марапаттау (М. Қозыбаев ат. СҚМУ).

4. Олимпиадаға қатысу тәртібі

- 4.1. Олимпиадаға Солтүстік Қазақстан облысының жалпы білім беретін мектептерінің 11 сынып оқушылары өз ерікті негізінде қазақ және орыс оқыту тілдерінде қатыса алады.
- 4.2. Олимпиадаға қатысушылардың өзімен бірге жеке куәлігі болуы қажет.
- 4.3. Олимпиадаға қатысу үшін Ұйымдастыру комитетіне №1 қосымшаға сәйкес өтінім беріледі. Олимпиадаға қатысуға өтінім Олимпиада өткізілгенге дейін 7 күн бұрын қалыптастырылады.
- 4.4. Олимпиада пәндері бойынша тапсырмалар қазақ және орыс екі тілінде жасалады.

5. Олимпиада тапсырмаларын әзірлеу

- 5.1. Олимпиаданы өткізуді ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету үшін Олимпиаданың пәндік-әдістемелік комиссиялары құрылады.
- 5.2. Олимпиаданың пәндік-әдістемелік комиссиясы:
 - «География және экология», «Биология», «Химия және химиялық технологиялар», «Физика», «Математика және информатика», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Герман-роман филология» - кафедраларының ПОҚ ішінен құрылады;
 - Олимпиада тапсырмаларын орындауды бағалау критерийлері мен әдістемесін және әр пән бойынша тапсырмаларын әзірлейді.

6. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті

- 6.1. Олимпиаданы дайындау мен өткізуді үйлестіру және жүзеге асыру үшін ұйымдастыру комитеті құрылады. Ұйымдастыру комитетінің құрамына төраға, оның орынбасары, хатшы және басқа да мүшелер кіреді. Ұйымдастыру комитетінің құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі.
- 6.2. Олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің негізгі міндеттері:
 - Олимпиаданы тікелей басқаруды жүзеге асыру;
 - пәндік қазылар алқасы мүшелерінің саны мен құрамын бекіту;
 - Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің тізімін бекіту;
 - Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау;
 - Олимпиада қорытындыларын талдау және хаттамалау;
 - Олимпиаданы өткізу кезінде туындаған даулы жағдайларды шешу.

7. Олимпиаданың Қазылар алқасы

- 7.1. Олимпиаданың пәндік қазылар алқасының құрамы университет оқытушылары арасынан құралады. Олимпиаданың қазылар алқасының құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі.
- 7.2. Қазылар алқасының міндеттері:
 - оқушылардың I және II кезеңдердегі Олимпиада тапсырмаларын орындауын бағалау;

- Олимпиада тапсырмаларының орындалуын талдау;
- Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау;
- Олимпиада нәтижелерін хаттамалау.

7.3. Қазылар алқасының құрамына төраға және әр пән бойынша қазылар алқасының 4 мүшесі кіреді.

Қазылар алқасының қызметтік міндеттері:

Қазылар алқасының төрағасы:

- Олимпиада өткізілгенге дейінгі тапсырмалардың құпиялылығына жеке өзі жауап береді;
- Олимпиада кезінде қазылар алқасының жұмысын, сондай-ақ тапсырмаларды тексеруді ұйымдастырады;
- қазылар алқасының құжаттары мен есептерін дайындауға жауап береді;
- ұйымдастыру комитетіне осы пән бойынша Олимпиаданың қорытындысы туралы есеп береді.

Қазылар алқасының мүшелері:

- Олимпиада тапсырмаларын тексеруді жүзеге асырады;
- Олимпиадаға қатысушылардың жұмыстарын бағалаудағы даулы жағдайларды талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- Олимпиада аяқталғаннан кейін тапсырмаларды шешудің ашықтығын қамтамасыз етеді;
- Олимпиаданың ұйымдастыру комитетімен бірге жеңімпаздар мен жүлдегерлердің құрамын анықтайды.

8. Олимпиада жеңімпаздарын анықтау және қатысушыларды марапаттау

8.1. Олимпиаданың I және II кезең нәтижелері бойынша Олимпиада жеңімпаздары анықталады. I дәрежелі дипломдармен марапатталған қатысушылар Олимпиада жеңімпаздары болып саналады, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталған Олимпиада қатысушылары жүлдегер болып саналады. Үшінші орын қатысушысына тапсырмаларды орындау үшін олимпиада тапсырмаларында көзделген балдардың жалпы санынан дұрыс шешілген тапсырмалардың 65-74% – ын, екінші орын үшін - 75-84% - ын және бірінші орын үшін-85-100% - ын жинауы тиіс.

8.2. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

8.3. I орын алған Олимпиада жеңімпаздары университет ректорының Грантын беру туралы куәліктерімен марапатталады.

8.4. Пәндік Олимпиада жүлдегерлеріне университетте білім беру бағдарламалары бойынша барлық оқу кезеңіне жеңілдік беріледі:

- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» (бейіндік пәндер: биология+география);
- «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» (бейіндік пәндер: биология+география);
- «Қазақ тілі мен әдебиеті» (бейіндік пәндер: Қазақ тілі мен әдебиеті+тарих);
- «Орыс тілі мен әдебиеті» (бейіндік пәндер: Орыс тілі мен әдебиеті+тарих);
- «Шет тілі: екі шет тілі» (бейіндік пәндер: шет тілі +тарих);
- «Математика-Физика» (бейіндік пәндер: математика+физика);

- «Математика-Информатика» (бейіндік пәндер: математика+физика);
- «Физика-Информатика» (бейіндік пәндер: математика+физика);
- «Химия-Биология» (бейіндік пәндер: биология+химия);
- «География-тарих» (бейіндік пәндер: тарих+ география);
- **II орын-40%;**
- **III орын-20%;**

8.5. Студенттер қатарына ЖОО-на қабылдау үшін жеткілікті балл саны бар ҰБТ сертификатын ұсынған олимпиада жеңімпаздары, сондай-ақ грант туралы куәліктің түп нұсқасы немесе университетте оқуға жеңілдік берген сертификат қабылданады.

БЕКІТЕМІН
М. Қозыбаев атындағы
СҚМУ ректорының м.а.
Е. Исақаев
" " 2019 ж.

**СҚМУ М. Қозыбаев атындағы Ректор грантына арналған
облыстық педагогикалық олимпиадаға
Эссе жазуға қойылатын талаптар**

1. "Мен неге педагог кәсібін таңдаймын" тақырыбы бойынша Эссе шағын көлемді және еркін композицияның прозалық шығармасы болуы мүмкін.
2. Эссе таңдалған тақырып бойынша білімді, ойлы және логикалық болуы тиіс.
3. Эссе өлшемі-бір парақ А4. Мәтін Times New Roman шрифтімен теріледі, 14 өлшемі 1,5 (бір жарым) жоларалық қашықтықпен, мәтін бет ені бойынша тураланады.
4. Эссе критерий бойынша бағаланады:
 - 1) идеяның ерекшелігі;
 - 2) сюжеттің тұтастығы;
 - 3) мазмұндылығы және лакониялығы;
 - 4) тақырыпты ашу.